

Ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру жөніндегі және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптауды жүргізу жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиарларды айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 645 қаулысы

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиар;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптауды жүргізу жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиар болып айқындалсын.

2. «Ветеринария саласындағы қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1511 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 78, 1027-құжат) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов